

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

- Қашықтықта отырып, тапсырмаларды орындау, себебі мұғалім мен оқушының бір интернет желісінде жұмыс жасауы міндетті емес;
- Оқушыға тіркелу қажет емес, яғни бір ғана ортақ PIN-код арқылы жұмысты бастау, бұл өз кезегінде Nearpod-ты басқа пәндерде де қолдануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гиркин И.В. Новые подходы к организации учебного процесса с использованием компьютерных технологий // Информационные технологии. №6. – 2008. – 391 б.
2. Аленичева Е., Монастырев Н. Электронный учебник // Высшее образование в России. №1. – 2011. – 223 б.
3. Щеглов С.Г. Подготовка учителя к использованию на уроках электронных учебных изданий // ВКО ИПК ПРО. – 2005. – 115 б.
4. Г.Исаева, Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары. Мектептегі шет тілі, 2011, №3 – 60 б.

ӘОЖ 372.881.111.1:811.111

АРНАЙЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БИЗНЕС АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бапай Басболат

b_basbolat@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Шетел тілдерінің теориясы және тәжірибесі

кафедрасының 4-курс студенті Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD.доцент Досжан Гүлжан Амангелдіқызы

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарында жасаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс», -деп алдымызға мақсат қойды.[1] Сондықтан да болар, қазіргі таңда шет тілі ретінде ағылшын тілін оқытуды жаңа сатыға көтеру отандық педагогикадағы іргелі міндеттердің біріне айналып отыр. Елімізде «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасы мемлекет саясатының басым бағыттарының біріне айналып отыр. Ағылшын тілі - жаһандану жағдайында әлемдік интеграцияға кірігу тілі ретінде қалыптасты. Халықаралық қатынастар мен бизнес, туризм және озық технология, әлемдік экономика мен саясат, білім және ғылым саласы, құқық пен мәдениет салалары бойынша әлемдік аренада негізгі қолданыстағы тіл болып табылады. Осы себептен, ағылшын тіліндегі арнайы терминологияларды қалыптастыру іскерлік қарым-қатынас орнатудағы өзекті мәселеге айналып отырғандығын атап өтуіміз керек.

Ағылшын тіліндегі іскерлік қарым-қатынас дегеніміз – жазбаша және ауызекі сөйлеу тілінің функционалды байланысы, ол іскерлік мақсатта қолданылады. Жалпы қолданыстағы іскерлік – терминологиялар істің басты түсініктерімен таныстыра отырып, өзге салалармен тығыз қарым – қатынасқа түсуіне ықпал жасайды.[2] Бизнес – бұл жеке дара тұлғаның өзіне ғана сеніп, барлық болуы мүмкін ықтималдылықтарға бекініп, капитал деңгейін көтеру үшін ақша арқылы табыс табу мақсатында қызмет жасайтын жүйедегі экономикалық құрылым. Яғни бизнес дегеніміз - ақша, пайда, табыс, билік, бәсекелестік, жұмыс, компания, мәміле, келісім-шарт, конференция, туризм, өнер, спорт, алдау, алаяқтық, соғыс, қылмыс, шоу.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясындағы айтылған мәлімдемесінде «Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын ағылшын тілі

дүние жүзі тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек...», - деп атап өтуі, мақаламызда қарастырып отырған мәселенің маңыздылығына тағы бір дәлел болып табылады. Сондай-ақ Елбасы Н.Ә. Назарбаев, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында 2014 жылға қарай – 20%, 2017 жылға қарай – 60%, 2020 жылға қарай – 100% қазақ тілінің терминологиялық қорын реттеу керектігіне назар аударған.[3] Болашақта елімізді әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына қосқымыз келсе, бәсекеге қабілетті адами капиталымызға мән беріп, ағылшын тілін жетік меңгеруіміз керек. Экономика жүйесінде маман болатын студенттердің ағылшын тілін жетік меңгеріп, оны жұмыс барысында сауатты қолдана білу үшін ағылшын тілі пәнінің мұғалімдерінің әдістемелік шеберліктерінің жоғары болуы талап етіледі. Сондықтан, сабақты жоғарғы деңгейде өткізу үшін, біз қазіргі кезде тілді меңгеру барысында қолданылатын сабақтың әр түрлі әдісін қолдануымыз қажет. Барлық техникалық құрал жабдықтарды (компьютер, интерактивті тақта, т.б.) қолдану үйреншікті жағдайға айналды, сонымен қатар сабақ барысында ағылшын тілінде аудио, видеоларды да кеңінен қолданып жүрміз. Дәрісті ойын түрінде көрсету әдісін қолданудың да маңызы мен тиімділігі өте зор, сөз бен сөз тіркестерін есте қалу қабілетіне де көп септігін тигізеді. Мұндай ойын түріндегі сабақ барысында студенттер кәсіпкер, экономист, бухгалтер, салық қызметкері, прокурор, адвокат, қызметкер, одақ, әріптес рөлдеріне ене отырып, бизнес процесін көрсету арқылы ағылшын тіліндегі салалық терминдерді қолданады. Айталық, economic, account (есеп), acquisition (алу, табу), agreement (келісім-шарт), alliance (одақ), amalgamation (бірігу, қосылу), analyst (әртүрлі талдау жасайтын адам), annual general meeting/AGM (жылдық ортақ жиын) бизнес терминдерінің мағынасына мән бере отырып, жиі қолдану арқылы студенттер тез игере алады.

Осы заманғы ғылыми терминологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде.

Қолданысқа белсенді енген бизнес терминдер: бизнес, брокер, акция, депозит, дивиденд, дистрибьютер, инновация, интеграция, компания, корпорация, маркетинг, менеджер, фирма, холдинг, шопинг, гипермаркет, супермаркет, аккаунт, тендер және т.б.

Соңғы жылдары еніп жатқан бизнес терминдер: билдинг, венчур, демпинг, дилер, хоум-бэнкинг, консалтинг, клиринг, листинг, мерчендайзинг, хайринг, чартинг, франчайзер, трэдинг және т.б.

Осы мақалада қарастырылып отырған мәселені тереңірек зерттеу мақсатымен студенттер, мұғалімдер және қала тұрғындары арасында әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Әлеуметтік зерттеу жазбаша және ауызша сауалнама әдісімен 2016 жылдың 12-13 қаңтар айында Астана қаласында іске асты. Сұрақ-жауапқа қатысушылардың орта жасы 25. Респонденттерге бірнеше іскерлік бизнес терминдерді қолдануы, қолдану жиілігі туралы сұрақтар қойылды. Анкетада көрсетілген терминдер келесі: бизнес, менеджер, маркетинг, бренд, прайс-лист, риэлтер, букмекер, ноу-хоу, дилер, консалтинг. Бірінші диаграммада көрсетілген зерттеу нәтижелеріне назар аударар болсақ, респонденттерге ұсынылған терминдердің әрдайым, яғни көп қолданылатыны «бизнес» термині, ал ең аз қолданылатыны «консалтинг» сөзі екен. Тәуелсіздігімізге қолымызды жеткізіп, демократия жолымен нарықтық экономикаға көшкен Қазақстан үшін, бұл қалыпты жағдай деп есептейміз. «Менджер» сөзінің де жиі қолданылуының басты себебі осында, себебі бүгінгі күнде дүкендегі сатушыға қатысты да «сатылым бойынша менеджер» деп, теледидардағы жүгіртпе жолға жарнама қабылдайтын маманды «жарнама бойынша менеджер» деп атаймыз.

Диаграмма 1. Бизнес терминдерді жиі қолдануы





Диаграмма 2. Бизнес терминдерді қолдану жиілігі



Зерттеу нәтижелері баяндалған екінші диаграммаға зер салсақ, ең аз қолданысқа ие сөз ол «консалтинг», «ноу-хау» екендігін аңғарамыз. Мүмкін елімізде дәл осы консалтинг саласы, яғни кеңес беру саласы өз дамуын таппай отырған болар. Ал «ноу-хау» сөзіне келер болсақ, ол ағылшын тілінен енген сөз, қазақ тіліне аударғанда «қалай жасау керектігін білу» деген мағынаға саяды. Елімізде индустриялық-инновациялық даму өз ретімен іске асуда, бұл сөз дәл осы қалпында қолданылмаса да, өндірістік салада жаңа әдістер кеңінен қолданылуда. Демек бұл Қазақстанда «ноу-хау» қолданатын кәсіпкерлер жоқ деген сөз емес, осы терминнің кеңінен қолданысқа ие болмай тұрғандығының белгісі деп ойлаймыз.

Ойымызды түйіндей келе, кез-келген тілдің сөз құрамы, дыбысталуы, грамматикасы, жалпы барлық жағынан әртүрлі екендігін айта кеткіміз келеді. Ондай жағдай туыстас тілдер арасында да көрініс тапқан. Мысалы, қазақ тілі аглютинативті, ал ағылшын вербальды тілдер тобына жатады, бірақ бұл жағдай қазақ тілділерге ағылшын тілін, керісінше ағылшын тілділерге қазақ тілін оқып үйренуге еш кедергі болмайды.

Тілдің өзіндік заңдылықтары бар, қай тіл болмасын белгілі бір ережелерге сүйенеді, алайда орыс тілі арқылы ма, әлде шет тілін үйренуде қандайда бір басқа тәсілді таңдайма ол оқытушы мен оқушының еркінде. Ешбір тіл басқа бір тілді үйренуде ешқандай кедергі болмауы тиіс. Соның бір дәлелі ретінде ағылшын тілі біздің елімізде кең етек жаюда, әсіресе ағылшын тілін үйренуге құштарлық жастар арасында кең қолданыс табуда екендігін айта кеткіміз келеді. Бұл жайт тек тіл саласында ғана емес, сондай-ақ бизнес, заң, экономика, саясат, құрылыс, өндіріс, тағы сол сияқты ғылыми салаларға мол пайдасын әкеледі дегенге өз басым кәміл сенемін.

Қорыта келе мақаламызды зерттеуші, PhD доктор Г.А. Досжанның ағылшын бизнес лексемаларына қатысты мынадай тұжырымдарымен аяқтауды жөн көріп отырмын:

1. Тілдегі бірқатар бизнес терминдердің кәсіби лексика қатарынан шығып, жалпыхалықтық қолданысқа кеңінен еніп, заманауи үрдістердің тілдік маркеріне айналуына әлем елдерінде нарықтық экономика заңдылықтарының үстемдік етуі және бизнестің жаңа интегративтік салаларының пайда болуы себеп болуда.

2. Бизнес лексемалар іскерлік қарым-қатынастың қарапайым мазмұнымен ғана шектеліп қалмай, бір лингвомәдени қауымдастықтан екіншісіне және ол арқылы үшінші бір лингвомәдени кеңістікке этномәдени құндылықтарды тасымалдайды.

3. Ағылшын бизнес лексемаларының басым бөлігін халықаралық терминдер құрайтындықтан, олардың қабылдаушы тілге аударылмай қолданылуын объективті құбылыс деп қарастыруға болады. [4]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

5. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарында жасаған «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014.-8б.
6. Oxford Advanced Learner's Dictionary // Oxford University Press, 2005.-11б.
7. Қазақ тілі және тілдердің үш тұғырлығы «Қазақстан-2050» стратегиясы, Астана, 2013ж. 7б.
8. Досжан Г.А. Ағылшын бизнес лексемаларының түркі тілдеріндегі семантикасы мен прагматикасы (қазақ және түрік тілдері бойынша). PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. 2013 ж. Астана. ЕҰУ.

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРІКШЕ, АҒЫЛШЫНША, ОРЫСША БАЛАМАЛАРЫ

Бейсенбаева Разия

Bryant1920@mail.ru

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығының 1-курс студенті, Семей, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Айгүл Жұманқызы Түрікпенова

Әр халықтың өзінің тілі, діні, әдебиеті, ауыз әдебиеті сияқты өз тілінің ерекшеліктері болады. Адамның ойын жарыққа шығаратын күшті құрал – тіл. Ал тіл адамдар түсінетін құрал болып қана табылмай, сонымен бірге атадан балаға мирас болып келе жатқан өмір тәжірибесін, өнер-білімін жеткізуші құрал. Өзіміздің рухани байлығымыз тіл арқылы жеткізіледі.

Бүгінгі күні елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халқымызға үш тұғырлы тіл: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – қарым-қатынас тілі, ағылшын тілі – халықаралық тілді меңгеру жөнінде мақсат қойып отыр. Осыған байланысты қай тілді меңгерсек те оны әдемі, таза, шебер сөйлеуіміз керек.

Шет тілін үйрену үшін мақал-мәтелдерді жаттап, аударма жасаудың көп көмегі бар. Қай елдің мақал-мәтелдерін алсақ та, барлығының басты ерекшелігі тәрбиелік маңыздылығы.

Қазақ мақал-мәтелдерін туысқан тілде немесе өзге тілде біліп түсіну – бұл тілді жақсы меңгеруге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар басқа халықтың ой-бейнесін және мінез-құлқын түсінуге үлес қосады, дәнекер болады. Мақал-мәтел, нақыл сөздер тілімізді байыта түсетін халықтың асыл қоры. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі мол көрініс тапқан. Мұнда өмірдің түрлі құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады. «Сөздің көркі – мақал» дегендей мақалдың көмегімен айтайын деген ойыңды ұнамды да, ұтымды жеткізуге болады.

Түркі халықтарына ортақ мақал-мәтелдер екі түрлі арна бойынша қалыптасады. Бірінші арнасына түркі халықтарының генеологиялық шығу тегі мен тарихына, екіншісіне ғасырлар бойы жіті араласу, өзара етене сіңісу нәтижесінде жүзеге асқан рухани ауыс-түйістер